

**"Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы"
" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 168 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 мамырда № 5632 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 мамырдағы № 260 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 17.05.2017 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

Әкімдіктің
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 168 қаулысымен
бекітілді

**"Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің шегінде экономика және бюджеттік жоспарлау салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының

Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 66-үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: экономика және бюджеттік жоспарлау саласында мемлекеттік саясаттың дамуына және жетілдіруіне жәрдемдесу.

15. Міндеттері:

- 1) экономика саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) бюджеттік жоспарлау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 3) өңірлік даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де міндеттер.

16. Функциялары:

- 1) облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу;
- 2) кең таралған пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жобаларына экономикалық сараптаманы жүргізу;
- 3) Қостанай облысының аумағын дамыту бағдарламасын әзірлеу;
- 4) Қостанай облысының аумағын дамыту бағдарламасына мониторинг жүргізу;
- 5) шығыстардың бағыттары мен оларды облыстың бюджетінен қаржыландырудың ең төмен көлемдерін айқындау;
- 6) жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін айқындау;
- 7) жыл сайынғы жоспарлы кезеңге облыстық бюджетті әзірлеу;
- 8) Қостанай облысының облыстық бюджеті туралы облыс мәслихатының шешімін іске асыру туралы облыс әкімдігі қаулысының жобасын әзірлеу;
- 9) жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді болжау;
- 10) облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындау;
- 11) облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін, бюджеттік бағдарламаларының жобаларын қарау, бюджеттік өтінімдер мен

бюджеттік бағдарламалардың жобалары бойынша қорытындылар қалыптастыру және оларды Қостанай облысы әкімдігінің бюджет комиссиясының қарауына жіберу;

12) инвестициялық ұсыныстарға экономикалық қорытындылар дайындау;

12-1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік–жекешілік әріптестік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

13) алынып тасталды - Қостанай облысы әкімдігінің 23.02.2016 № 76 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

14) алынып тасталды - Қостанай облысы әкімдігінің 23.02.2016 № 76 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 23.02.2016 № 76 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) облыс әкімдігіне әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар енгізу;

2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға ақпараттық-талдамалық материалдар дайындау және ұсыну;

3) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

4) "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құқықтары мен заңды мүдделерін сот органдарында қорғауды жүзеге асыру;

5) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан және өзге де ұйымдардан қажетті ақпараттар мен құжаттарды сұрату және алу;

6) өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыру ;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру және өзге де міндеттерді атқару.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қостанай облысы әкімдігінің

экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын Қостанай облысының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды;

2) заңнамамен белгіленген тәртіппен "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің өкілеттіктері мен міндеттерін белгілейді;

4) "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымын бекітеді;

5) "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бөлімдері туралы ережелерді және қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

6) бұйрықтар шығарады және "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері орындауға міндетті нұсқаулар береді;

7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесін білдіреді;

8) заңнамамен белгіленген тәртіппен "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады;

9) өзінің құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

"Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның

өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

23. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.